

Ә.Т. Құрбанбай * , Р.С. Мырзабекова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kurbanbai.aliaidar@gmail.com

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ЖАПОН ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАРЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

Тарихнамалық еңбектің зерттеудің мақсаты – тарихи еңбектерді талдап, зерттеудің жаңа бағыттарын айқындау. Қазақстан аумағында қайтыс болған және хабар-ошарсыз кеткен жапон әскери тұтқындарының саны туралы нақты деректердің болмауына байланысты бірқатар гуманитарлық мәселелер әлі шешілмеген, соның ішінде, тұтқындарды жерлеу мәселесі шешімін таппаған. Жапондықтарға қатысты саяси мәселелер де шешілген жоқ. Отанына оралғаннан кейін жазылған бұрынғы жапон әскери тұтқындарының естеліктері және қолжетімді архив құжаттары осы тақырыпты қайта қарауға негіз болады.

Мақалада тарихнамалық анализге қажетті салыстырмалы-тарихи, мәселелік, перспективті анализ, ретроспективті анализ әдістері пайдаланылды. Ғалымдардың зерттеулеріндегі жапон соғыс тұтқындары мәселесінің өрбуіне, ұсынылған концепцияларына, тақырыптың уақытпен қалай түрленгеніне көңіл бөлінді. Сондай-ақ жапондық және американдық зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасалды.

ИХК (НКВД) лагерлерінде жапон әскери тұтқындарының еңбегін пайдалану мәселелері шетелдік және отандық тарихнамада жеткілікті зерттелмеген. Бұл мұрағаттық құжаттардың қолжетімсіздігімен байланысты болды. Жапон әскери тұтқындарына қатысты архив құжаттары тек 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында құпиясыздандырылды. Алайда архивтерде әлі де құпиялылығына байланысты зерттеушілерге қолжетімсіз көптеген материалдары бар. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан аумағында болған жапон әскери тұтқындарының тарихына байланысты мәселелер қазіргі көзқарас тұрғысынан ғылыми объективті зерттеуді талап етеді.

Сондықтан мақалада екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан тұтқындалған жапон әскери тұтқындарының тарихына қалам тартқан ғылыми еңбектер мен зерттеулерге талдау жүргізіледі.

Түйін сөздер: жапон әскери тұтқындары, ИХК, тарихнама, репатриация, тұтқын лагерлері.

A.T. Kurbanbay*, R.S. Myrzabekova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kurbanbai.aliaidar@gmail.com

Japanese prisoners of war of World War II: a historiographical review

The purpose of the study is to provide a historiographic analysis of the topic of Japanese prisoners of war, released and returned to Japan by 1956, and to reveal the possibilities of research. Due to the lack of accurate data on the number of Japanese prisoners of war who died and went missing on the territory of Kazakhstan, a number of humanitarian issues have not yet been resolved; on the location of their burial sites. Political issues related to the Japanese presence on the territory of the Soviet Union were also not resolved. The memoirs of many former Japanese prisoners of war, written after returning to their homeland, and the available archival documents serve as a basis for rethinking this topic.

For historiographical analysis, the article uses comparative historical, problematic, prospective and retrospective analysis of the newspaper. The researchers' study focused on the development of the Japanese POW issue, the concepts proposed, and how the topic changed over time. The work of Japanese and American researchers was also reviewed.

The issues of placement, service and use of the labor of Japanese prisoners of war in the ИХК camps have not been sufficiently studied in foreign and domestic historiography. This was due to the inaccessibility of declassified archival documents relatively recently – in the late 1980s and early 1990s.

However, the archives contain many materials that are not available to researchers due to their confidentiality. An objective scientific study of the issues of discussion related to the stay of Japanese prisoners of war on the territory of Kazakhstan in the post-war years contributes to the improvement of the modern approach to the problem.

In addition, although the subject of this study was relatively new, the level of study of the knock came to some extent. Therefore, the article analyzes the study of the history of Japanese prisoners of war arrested as a result of World War II.

Key words: japanese prisoners of war, People's Commissariat of Internal Affairs, historiography, repatriation, prisoner camps.

А.Т. Курбанбай*, Р.С. Мырзабекова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kurbanbai.aliaidar@gmail.com

Японские военнопленные Второй мировой войны: историографический обзор

Целью исследования историографического труда является анализ исторических работ и определение новых направлений исследования. Из-за отсутствия точных данных о количестве погибших и пропавших без вести японских военнопленных на территории Казахстана, до сих пор не решен ряд гуманитарных вопросов, в том числе, местонахождения их захоронений. Политические вопросы, связанные с пребыванием японцев на территории Советского Союза, также не были решены. Воспоминания многих бывших японских военнопленных, написанные по возвращении на родину, и имеющиеся архивные документы служат основой для пересмотра этой темы.

Для историографического анализа в статье использован сравнительно-исторический, проблемный, перспективный и ретроспективный анализ газеты. В исследовании ученых было уделено внимание развитию вопроса японских военнопленных, предложенным концепциям и тому, как тема менялась с течением времени. Так же были рассмотрены работы японских и американских исследователей

Вопросы размещения, службы и использования труда японских военнопленных в лагерях НКВД недостаточно изучены в зарубежной и отечественной историографии. Это было связано с недоступностью архивных документов. Относительно недавно, с конца 1980-х и в начале 1990-х годов были рассекречены архивные документы о японских военнопленных. Однако в архивах есть много материалов, недоступных исследователям из-за их секретности. Научно объективное изучение дискуссионных вопросов, связанных с пребыванием японских военнопленных на территории Казахстана в послевоенные годы, способствует совершенствованию современного подхода к проблеме.

Поэтому в статье анализируются научные труды и исследования по истории японских военнопленных, захваченных в результате Второй мировой войны.

Ключевые слова: японские военнопленные, НКВД, историография, репатриация, лагеря для военнопленных.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде Еуропа және Азия халықтарының өкілдері, соның ішінде, неміс, және жапон жауынгерлері әскери тұтқын ретінде КСРО-ның еңбекпен түзету лагерьлеріне қамалды. Әскери тұтқындар өнеркәсіп және құрылыс бөлімдерінде, сондай-ақ, КСРО-ның қорғаныс кәсіпорындарында еңбек көзі ретінде қабылданды. Лагерь жүйесінің қызметі барысында әскери тұтқындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемалары туындады, қолайлы тұрмыс жағдайлары жасалмады, бұл әскери тұтқындардың көп жағдайда қайтыс болуына алып келді.

Мақалада негізгі қозғалған мәселе – Қазақстан аумағындағы лагерьлерде жұмыс істеген әскери тұтқындардың жағдайы жайында болады. Әскери тұтқындарға арналған алғашқы

лагерьлер КСРО-ның еуропалық бөлігінде орналасты. Қазақстан аумағында өнеркәсіп құрылысы белсенді жүргізілгендіктен, әскери тұтқындардың еңбегі кеңінен қолданылды. Әскери тұтқындар, ең алдымен, еңбек армиясы ретінде қарастырылды. КСРО-ның өнеркәсіп және құрылыс департаменттері мен министрліктері тұтқындардың еңбегін кеңінен пайдаланды.

Кәсіпорындар тұтқындардың тегін еңбегін пайдаланғанымен, әскери тұтқындардың жағдайын жасаған жоқ. Кәсіпорындардың басшылары әскери тұтқындарға арналған лагерьлерді жайластырумен тек бірінші партия келген кезде ғана айналысты. Лагерьді абаттандыру үшін әскери тұтқындардың өздерінің еңбегін пайдаланды.

Жалпы, соғыс тұтқындарына қатысты барлық материалдар 1980 жылдың соңына дейін қолжетімсіз болғандықтан, зерттеушілер әскери

тұтқындар тақырыбын, жарияланған архив құжаттары арқылы ғана, жеке тұлғалардың естеліктері мен өмірбаяны сияқты материалдарды пайдалана отырып зерттеу жүргізді. Архив құжаттарының аздығынан зерттеушілер, тұтқындардың күнделікті тұрмысына, саяси мәселелерінің шешілуіне терең бойлай алмады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақалада тарихнамалық анализге қажетті салыстырмалы-тарихи, мәселелік, перспективті анализ, ретроспективті анализ әдістері пайдаланылды. Ғалымдардың зерттеулеріндегі жапон соғыс тұтқындары мәселесінің өрбуіне, ұсынылған концепцияларына, тақырыптың уақытпен қалай түрленгеніне көңіл бөлінді. Зерттеудің тарихнамалық негізі ретінде Қазақстан, Ресей және шетелдік ғалымдардың зерттеулері қарастырылды. Зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып, жапон соғыс тұтқындары тақырыбына қатысты негізгі бағыттар, тұжырымдар анықталды.

Зерттеу нәтижелері

Отандық тарихнама

Қазақстандық тарих ғылымында әскери тұтқындар мәселесі салыстырмалы түрде жаңа. Отандық тарихнама 1990-жылдардың басында қоғамдық сананың көтерілуі және саяси режимді ырықтандыру жағдайында қалыптаса бастады. Зерттеушілер бұрын құпияланған мұрағаттық құжаттар мен статистикалық деректерге, шетелдік авторлардың зерттеулеріне қол жеткізді.

Осы кезеңде Ж.Қ.Қасымбектің (Қасымбек, 1992), Қ.С.Алдажұмановтың Қазақстандағы әскери тұтқындар және олардың еңбегін пайдалану туралы, тұтқындар мен азаматтық тұрғындарды репатриациялау туралы, Қазақстанның мәжбүрлі еңбек жүйесіндегі еңбекшілердің жұмысы туралы мақалалары жарияланды (Алдажұманов, 1998). Ж.Б. Абылхожиннің еңбектерінде Қазақстанның көрсетілген кезеңдегі экономикалық даму проблемасы және мәжбүрлі еңбекке негізделген лагерь экономикасының даму ерекшелігі зерттелді (Абылхожин, 1998).

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстан тарихы туралы дәл түсінік алу үшін М.Қ. Қозыбаевтың жұмыстары пайдаланылды. М.Қ. Қозыбаев өз зерттеулерінде халық шаруашылығының жағдайына қатысты фактілерді және республиканың экономикалық әлеуеті

бойынша статистикалық деректерді келтіріп, мәжбүрлі еңбек мәселесін қозғайтынын атап өтті (Қозыбаев, 2000). М.Х. Асылбеков еңбектерінде Қазақстан теміржолшыларының Ұлы Отан соғысы жылдарында халық шаруашылығы объектілерін республика аумағына эвакуациялау, майданға қазақстандық кәсіпорындардың өнімдерін жеткізу процесіне қосқан үлесі туралы маңызды мәліметтер келтірілген (Асылбеков, 1973). П.С. Беланның еңбектерінде қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы туралы ақпарат бар және соғыс кезеңінің тарихнамасына талдау жасалған (Белан, 1995). Қазақстандықтардың қорғаныс ісіне қосқан үлесін талдау М.А. Ақынжановтың еңбектерінде қамтылған (Ақынжанов, 2005).

С.Д. Ділманов өз еңбектерінде еңбекпен түзеу лагерлерінің тарихын көтерген алғашқы қазақстандық зерттеушінің болды. Оның жұмысында Қазақстан аумағындағы КСРО ПХК-ПМ еңбекпен түзеу лагерьлерінің тарихын ашатын ақпарат бар. Жұмыстың бір бөлімі лагерь тұтқындарын еңбекке пайдалану мәселесіне арналған. Автор, лагерь өндірісінің төмен тиімділігін көрсетіп, мәжбүрлі еңбектің пайдасыздығы туралы негізделген мәлімдеме ұсынады (Ділманов, 2004). Орталық Қазақстандағы екінші дүниежүзілік соғыстың әскери тұтқындары туралы мәліметтер Д.А. Шаймуханов пен С.Д. Шаймуханованың «Карлаг» еңбегінің тарауларында келтірілген. С.Д. Шаймуханованың «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін» монографиясында Қазақстан лагерьлерінде ұсталған шетелдік тұтқындар туралы мәліметтер келтірілген (Шаймуханова, 2000).

Қазақстан аумағында лагерьлер жүйесін ұйымдастыру тәртібі туралы маңызды мәліметтер С.Т. Орумбаевтың еңбектерінде бар (Орумбаев, 1990). Автор – Карлагтың құрылуы мен қызмет ету мәселесін зерттейді. Жапон әскери тұтқындарының мәселесін зерттеуге А. Алданазаров үлкен үлес қосты. Оның еңбектерінде лагерьлердегі әскери тұтқындардың өмірінің көптеген аспектілері қозғалды. Ол соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан аумағында жапон әскери тұтқындарының жерлеу орындары бойынша үлкен ақпарат көлемін жариялады (Алданазаров, 1998). Сондай-ақ, Қазақстандағы жапон әскери тұтқындары туралы ақпаратты өз мақаласында Д.М. Абылханов көрсетеді (Абылханов, 2005). Жезқазған қаласының құрылысында әскери тұтқындарды пайдалану мәселесі Б. Әлжаппарованың, П. Витвицкийдің

зерттеулерінде қарастырылды (Витвицкий, 1993).

Л.М. Михееваның диссертациялық зерттеуінде алғаш рет республика аумағындағы екінші дүниежүзілік соғыстың әскери тұтқындарының мәселесі қарастырылды. Ол Орталық Қазақстан аумағында орналасқан лагерьлердің тарихын ашатын материалдарды ғылыми айналымға енгізді (Михеева, 2007). Кейбір жағдайларда лагерьде әскери тұтқындардың наразылығы орын алып отырған. Әскери тұтқындардың наразылығын Т.К. Алланиязов, О.П. Наймушина зерттеді (Алланиязов, Наймушина, 2004).

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің авторлық ұжымы шығарған құжаттар жинағы поляк әскери тұтқындарының тағдырына арналған.

Г.К. Көкебаева Германия Федеративтік Республикасының мұрағаттарын зерттеу негізінде неміс әскери тұтқындарының отанына оралу мәселесін қарастырды. Автор Германияның қалыптасуының басында әскери тұтқындар мәселесі Кеңес өкіметінің батыс әлемімен идеологиялық қарама-қайшылығының объектісі болды деп санайды. Зерттеуші – неміс әскери тұтқындары кеңес лагерьлерінде он жыл ауыр еңбек еткеннен кейін ғана отанына орала алды, – деген қорытындыға келеді. Бұл, әрине, әскери тұтқындарға адамгершілік көзқарасты талап ететін халықаралық құқық қағидаттарына қайшы келді. Әскери тұтқындар қылмыскерлерге жатпайды, әскери тұтқындау – бұл жау армиясының жауынгерлерін олардың одан әрі соғыс қимылдарына қатысуына жол бермеу үшін уақытша оқшаулау (Көкебаева, 2007, Көкебаева, 2004).

Қазақстанда ГУПВИ жүйесін қалыптастырудың неғұрлым толық көрінісі А.Ш. Алтаев (Алтаев, 2006), Б.О. Жангуттин (Жангуттин, 2008) еңбектерінде көрсетілген. Бұл зерттеулердің артықшылығы, ғылыми айналымға бірқатар ресейлік мұрағаттардан алынған материалдарды енгізу болып табылады. Бұл еңбектер Қазақстандағы ГУПВИ жүйесін қалыптастыру ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік берді.

С.В. Елеуханова, Карлагтың әскерилендірілген күзетін зерттеу арқылы әскери тұтқындарға арналған №99 Спасск лагерьінің тұтқындарын күзету, ұстау режимі мен жағдайларына талдау жасады (Елеуханова, 2009). Н. Дулатбековтың жалпы редакциясымен, 2011 жылы Қарағанды облысындағы жапон әскери тұтқындары туралы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ғылыми

монография жарық көрді (Дулатбеков, 2011). Р.К. Бекмагамбетовтың «Қазақстан жеріндегі әскери тұтқындар» атты ғылыми монографиясында жапон тұтқындарының тарихына қатысты құнды деректер келтірілген (Бекмагамбетов, 2014).

Сонымен, қазақстандық тарихнама, негізінен екінші дүниежүзілік соғыстың Қазақстанға әсерін зерттейді. ХХІ ғасырдың басында әскери тұтқындар тарихына арналған зерттеулер пайда болды. Бұл әскери тұтқындар тарихына қатысты деректердің 1990-шы жылдарға дейін құпия болуымен байланысты. Қазақстандық тарихнама өкілдерінің әскери тұтқындар тарихына қатысты көтерген мәселесінің ауқымы, лагерьлер жүйесін ұйымдастыру тәртібі, тұтқындардың еңбекке пайдалану салалары, идеологиялық тәрбие мәселелерімен шектелді. Сонымен бірге, отандық тарихнама өкілдері Қазақстан аумағындағы лагерьлерге әкелінген неміс, жапон тағы басқа тұтқындардың тағдыры туралы мәліметтер берді. Салыстырмалы түрде алғанда, отандық тарихнамада жапон тұтқындарының тарихындағы саяси астарлар, Женева конвенциясына қатысты баптар, күнделікті тарих мәселесі терең қаралмады деген қорытынды шығаруға болады.

Ресей тарихнамасы

1945 жылғы кеңес-жапон соғысы нәтижелерінің бірі – Квантун армиясының көп бөлігін тұтқындау және КСРО-ға қоныс аудару болды. Әр түрлі бағалаулар бойынша тұтқындардың 534101-ден 549086-ға дейіні жапон әскерлері болды. Кеңес мемлекетінің басшылары жапон әскери тұтқындарының КСРО аумағында болуын саяси қайта тәрбиелеу тұрғысынан да, олардың еңбегін елдің халық шаруашылығында пайдалану тұрғысынан да барынша тиімді пайдалануға тырысты. Бұл, әсіресе, экономиканың салалары мен жұмыс күшінің тапшылығы бар аймақтар үшін өте маңызды болды. Жапон әскери тұтқындарының негізгі контингенті Сібір мен Қиыр Шығысқа жіберілді. Бұл жұмыстың нәтижелері бірқатар докторлық және кандидаттық диссертацияларда (Серебренников 2016: 66), сондай-ақ КСРО-дағы жапон әскери тұтқындар туралы монографияларда көрініс тапты. Сонымен қатар, жапон әскери тұтқындарының Сібір мен Қиыр Шығысқа орналастыруы С.Г. Сидоровтың докторлық диссертациясы мен монографиясында қарастырылды (Сидоров, 2001).

Ресей тарихшыларының арасында жапондарды халық шаруашылығы еңбегіне пайдалану

мәселесін алғаш зерттегендердің бірі В.П. Галицкий болды. Жапон әскери тұтқындары туралы алғашқы еңбектерінің бірінде «елдегі экономикалық күйреу ГУЛАГ контингентінің орнына жаңа арзан жұмыс күшін пайдалану қажеттілігін туындатты», - деп атап өтеді (Галицкий 1990: 38). XX ғасырдың 80-90-шы жылдары жапон әскери тұтқындарын еңбекке пайдалану мәселелерін С.И. Кузнецов (Кузнецов, 1994), О.Д. Базаров (Базаров, 1994, 1997) және Е.Ю. Бондаренко (Бондаренко, 2002) зерттей бастады. Олар Иркутск облысы, Бурятия, Қиыр Шығыс аймақтарының архив құжаттарына жүгінді. 1990 жылдары О.Д. Базаров пен С.И. Кузнецов Бурятияда, Иркутск және Чита облыстарында жапон әскери тұтқындарының еңбегін пайдалану туралы бұрын жарияланбаған материалдарды жарыққа шығарды. Бұл ғалымдардың бірлескен монографиясы жапондардың еңбегін кеңес экономикасына пайдалану мәселесі туралы зерттеудің аймақтық бағытын бастады. С.И. Кузнецов монографиясы Сібір аймағына көңіл бөлді және КСРО аумағында жапон тұтқындарының еңбегін пайдалану тәсілдері мен түрлерін жариялаған алғашқы ірі зерттеуге жатады. 1990 жылдың екінші жартысында С.И. Кузнецов, О.Д. Базаров, Е.Ю. Бондаренко мен М.А. Кузьмина бірқатар монографиялар және мақалалар жариялады. Зерттеуде негізінен Сібір мен Қиыр шығыс аймақтарында жапон тұтқындары еңбегін пайдалану аспектілері қарастырылды. С.И. Кузнецов монографиясында жапон тұтқындары еңбегін КСРО-ның басқа аймақтарында пайдалану түрлері туралы материалдар да бар (Кузнецов, 1997).

С.С. Букин мен А.А. Долголюк барлық шетелдік әскери тұтқындардың еңбегін пайдалану мәселесін қарастырды. Еңбекте жапон әскери тұтқындарына бір тарау арналған. 1990 жылдары жарияланған әскери тұтқындарға қатысты зерттеулердің маңыздылығы жоғары, себебі, олар алғаш рет тұтқындарға қатысты архив материалдарын жариялады. Дегенмен, авторлар назарынан орталық мұрағаттарда сақталған құжаттардың көпшілігі тыс қалғанын атап өткен жөн. Бұл кемшілікті алғаш әскери тұтқындар тақырыбына қатысты диссертациясында атап көрсеткен С.Г. Сидоров. КСРО-ның шеткі аймақтарындағы әскери тұтқындар тарихын зерттеген ғалымдар, Ресейдің орталық мұрағаттарындағы материалдардың негізгі кешені ескермеді, -деп атап көрсетеді (Сидоров 2001: 13). Сонымен қатар, С.Г. Сидоров, өз зерттеуінде

жапон әскери тұтқындарының өнеркәсіп өндірісі мен ауыл шаруашылығы салаларындағы еңбегі, күнделікті өмірі, өлімі туралы фактілерді мұрағат материалдарының салыстырусыз пайдалану мен бұрмалану орын алды деген қорытынды жасайды.

XXI ғасырда әскери тұтқындар тақырыбына қатысты зерттеудің «аймақтық» бағыты дами берді және жаңа деңгейге көтерілді. Бұған жапон әскери тұтқындарының Красноярск өлкесінде, Чита облысында, Қиыр Шығыс аймақтарындағы лагерьдегі тарихы мен тағдырына арналған диссертациялық зерттеулер ықпал етті. Мысалы, 1997 жылы қорғалған О.Д. Базаровтың «Бурятиядағы жапон әскери тұтқындары (1945-1948)» диссертациясын атап көрсетуге болады. Бұл зерттеуде, жапон тұтқындары жұмыс істеген шаруашылық объектілері анықталды, еңбек жағдайлары мен ұйымдастырылуы талданды, маңызды архив материалдары ғылыми айналымға қосылды, тұтқындар өміріндегі әлеуметтік-демографиялық және саяси-насихат жұмыстарының бағыттарына сараптама жасалды, құқықтық баға берілді. Әскери тұтқындар тарихына қатысты зерттеуде «әлеуметтік-демографиялық» бағыт пайда болды. Бұл бағытта зерттеу жасаған авторлар әскери тұтқындар жұмысының жекелеген статистикалық аспектілерін, соның ішінде, белгілі бір салада, нақты шаруашылық объектілерінде жұмыс істейтін тұтқындардың санын анықтады, өндірістегі жарақат пен өлім көрсеткіштерін анықтады, тұтқындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын, тұрмыс пен еңбек көрсеткіштерінің байланысын талдады. Әсіресе, жапон тұтқындарының денсаулығы, азық-түлік және күнделікті тұрмыс заттарымен қамтамасыз етілуі, яғни, күнделікті тұрмыс сапасының еңбек көрсеткіштеріне ықпалы үлкен қызығушылық тудырды. Сонымен қатар, лагерьдегі саяси үгіт-насихат жұмыстарының әскери тұтқындардың еңбек көрсеткіштеріне әсер ету тиімділігі анықталды. Бірқатар авторлар еңбек тәртібі мен өнімділігін арттырудағы баспа және көрнекі үгіт-насихат материалдарының рөлін зерттеді. Мысалы, Н.М. Маркдорф, шетелдік әскери тұтқындарға медициналық қызмет көрсету деңгейі мен олардың өндірістік көрсеткіштерінің өзара байланысын, еңбекке қабілеттілігін қалпына келтірудегі арнайы госпитальдардың рөлін зерттейтін еңбектерді жариялады. Сонымен қатар, Н.М. Маркдорф, еңбек процесін ұйымдастыру лагерьлеріндегі антифашистік

қозғалыстың рөлін анықтауға арнайы мақала арнады (Маркдорф 2008: 35-37). Н.М. Маркдорф (Маркдорф, 2010, 1131-1140, Маркдорф, 2013), А.А. Долголюк (Долголюк, 2016), М.А. Орлов (Орлов, 2008), Н.А. Ширшев (Ширшаев, 2018) сияқты авторлар жапон тұтқындары еңбегін Сібір құрылыс индустриясында, Алтай өлкесінде пайдалану мәселелерін қозғады. М.А. Орлов (Орлов, 2014) және А.Е. Сорокин (Сорокин, 2019) Кузбасста орналасқан аралас әскери тұтқындардың лагерлеріне арналған бірқатар мақалалар жариялады, жапон тұтқындарының еңбегін пайдалану фактілерін келтірілді.

Соғыстан кейінгі жылдары, қосымша жұмыс күшіне мұқтаж аймақ Кузбасс болды. Кузбасстағы шетелдік әскери тұтқындарды еңбекке пайдалану мәселелерін Р.С. Бикметов зерттеді (Бикметов 2009). Р.С. Бикметов Байкал-Амур магистралінің (БАМ) құрылысына жапон тұтқындарын пайдалану жолдарын, тұрмысын, «аралас» лагерьге, яғни, қылмыскерлермен араластырып орналастырғанын зерттеген. БАМ – КСРО тарихындағы маңызды құрылыс болғандықтан, әскери тұтқындарды құрылыс жұмысын тарту белсенді болды. Соның ішінде, құрылысқа тартылған жапон әскери тұтқындарының саны жоғары еді.

Жапондардың тұтқындағы тарихы мен тағдырына арналған еңбектердің тарихнамасында О.П.Еланцева (Еланцева, 2015), С.И.Кузнецов пен О.В. Афанасов (Кузнецов, Афанасов, 2007) еңбектері мазмұндылығымен ерекшеленеді. Авторлар, жапон тұтқындарының лагерьдегі күнделікті тұрмысы мен үгін-насихат жұмысы мен саяси тәрбие жұмысына баға береді.

Соңғы онжылдықтарда А.В. Шалактың (Шалак, 2011) Шығыс Сібір аймақтары, Иркутск облысы, М.Н. Спиридоновтың (Спиридонов, 2003) Красноярск өлкесі, С.В. Карасев (Карасев, 2003), И.В. Мезенцеваның (Мезенцева, 2018) Чита облысы, Е.Ю. Бондаренко (Бондоренко, 1997), Е.Н. Лисицина (Лисицина, 2012), И.Д. Бацаевтың (Бацаев, 2002) Қиыр Шығыс территориясына қатысты жапон әскери тұтқындарының еңбегін шаруашылық нысандарында пайдалану зерттелді. Әсіресе, И.Д. Бацаевтың Колымадағы солтүстік-шығыс еңбекпен түзеу лагерлері Басқармасындағы (УСВИТЛа) жапон әскери тұтқындарының еңбек жағдайларына салыстырмалы талдау жасаған мақаласы үлкен қызығушылық тудырды (Бацаев, 2014).

Ресейлік зерттеушілер, жапон әскери тұтқындарының тарихын Ресей территория-

сымен ғана шектейді, бұрынғы КСРО республикаларындағы әскери тұтқындар тарихына қатысты зерттеулері тек үзінді түрінде ғана деуге болады. Мысалы, С.И. Кузнецовтың (Кузнецов 1997: 12-13), С.П. Кимнің (Ким, 2016) диссертациясында КСРО-ның бұрынғы республикаларындағы әскери тұтқындар тарихына қатысты материалдар жеке мәлімет түрінде ғана шектелген. Өзге әскери тұтқындар тарихына қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбегі Ресей территориясымен шектелген. Сондықтан, жапон тұтқындарына қатысты Ресей тарихшылары КСРО-ның өзге республикаларындағы тұтқындар тарихына назар аударған жоқ,-деген қорытынды жасауға болады.

КСРО-ның бұрынғы республикаларындағы әскери тұтқындар тарихына, соның ішінде, жапон тұтқындарына назар аударған С.И. Кузнецов – 1945 жылғы 1 қыркүйектегі Қызыл Армия Бас штабының шифрына сілтеме жасай отырып, кеңес-жапон соғысы аяқталғаннан кейінгі әскери тұтқындардың саны туралы ақпарат берді және тұтқындарды орналастыру мәселесін зерттеді. С.И. Кузнецов Қазақстанның Қарағанды облысына 50 мың тұтқын жіберу жоспарланғанын көрсетеді: «Қазақ металлургия зауытының, машина жасау зауытының құрылысына, Ақшатыс вольфрам комбинатына – 10 мың адам, «Қарағандыкөмір» өнеркәсібіне – 10 мың адам, Жезқазған қаласының түсті металл өнеркәсібіне – 3 мың адам, Риддер, Өскемен және Зарян қорғасын басқармасына – 15 мың адам, Оңтүстік Қазақстан облысы «Ащысай полиметалл» комбинатына – 3 мың адам, Жамбыл облысы мен Қарағанды темір жолына – 9 мың адам жіберілді», - деп көрсетті (Кузнецов, 1997: 52-53).

С.П. Ким, өз зерттеуінде, Қазақ және Өзбек КСРО аумағындағы түрлі шаруашылық құрылыстары мен қала ғимараттарын салуға қатысқан 56 972 жапондық болғанын атап көрсетеді (Ким, 2016: 97). А.Е. Забелин мақаласында жапон әскери тұтқындарының Ферғана гидролиз және Қокан суперфосфат, мұнай өңдеу зауыты мен тұрғын үй салуға қатысқаны туралы мәлімет береді (Забелин, 2012). В.П. Мотревич мақаласында жапон тұтқындарын Өзбекстанда еңбекке пайдалану туралы мәліметтер келтіреді (Мотревич, 2018).

Жалпы алғанда, зерттеушілер жапон әскери тұтқындарының саны, еңбек түрлері, тұтқындары пайдалану әдістері туралы мәліметтер

береді. Е.Л. Катасонова жапон әскери тұтқындарының жұмысы «репарацияның негізгі түрінің бірі» болды деп есептейді (Катасонова, 2004: 70). Е.Л. Катасонова – «жапон тұтқындары мобильді жұмыс күші ретінде пайдаланылды. Тұтқындардың ақысыз жұмыс күші, биліктің қалауы бойынша, экономиканың бір саласынан екіншісіне, оның ішінде, климаты ауыр, тұрмыс жағдайы жасалмаған, игерілмеген аудандарға, ең ауыр және зиянды өндірістерге пайдаланылып отырды» (Катасонова, 2005: 72). Жапондарды барлық халық комиссариаттары өзіне бағынышты кәсіпорындар мен құрылыстарда пайдаланды, қол еңбегі қажет объектілерге тартылды, ең ауыр және көп күшті қажет ететін салаларға салды. Мысалы, Е.Л. Катасонованың көрсетуі бойынша, «жапон әскери тұтқындарының еңбегі жол құрылысы мен көмір өндіру саласында кеңінен қолданыс тапты. Сібір мен Қиыр Шығыста жапондар жұмыс істемейтін бірде-бір ірі көмір бассейні болған жоқ». Сонымен қатар, тарихшы – жапон әскери тұтқындарын кең пайдаланған сала ретінде ағаш кесу және азаматтық құрылыс жұмысын көрсетеді (Катасонова, 2005: 73). Е.Л. Катасонованың зерттеуі бойынша, «ПХК (НКВД) – әскери тұтқындардың біліктілігі мен мамандықтарын барынша пайдалануға ұмтылды, жоғары білікті мамандарды іздеуге ерекше назар аударды». Алайда, жапон тұтқындары арасында, біліктілігі жоғары мамандық иелерінің саны мен атқарған қызметі туралы нақты фактілер келтірмейді. Е.Л. Катасонованың назар аударған мәселесінің бірі – жапон тұтқындарының жалақысы. 1945 жылғы 24 қыркүйектегі «әскери тұтқындардың еңбегін пайдалану туралы Ереже» бойынша жалақы «тікелей жұмыс орнынан төленуі керек» деп атап өтіп, тарихшы, әскери тұтқындарға «жеке шоттар» арқылы жалақы төлегеніне күмән келтірді (Катасонова, 2004: 75). Е.Л. Катасонова – жалақы, өндіріс нормасын асыра орындаған жапондарға ғана есептелетінін анықтады. Жалақының мөлшері – 200 рубль, 1946 жылдан бастап – 400 рубль, 1948 жылдан – 456 рубль болғанын айтады. Тарихшының пікірі бойынша, 1948 жылдан бастап, «әскери тұтқындарға төленетін жалақыны есептеу мен төлеуге бақылау күшейтілді» (Катасонова, 2004: 76). Бірақ, тұтқындардың жеке шоттарындағы ақшалар лагерь дүкендеріндегі заттар мен азық-түлік сатып алуға жұмсалыуы керек еді. Кеңестік ақшаны шетелге шығаруға қатаң тыйым салынды.

Ю.А. Мизис жапон әскери тұтқындарының маңызды ерекшелігі ретінде: «әскери тәртіптің,

әскери құрылымның сақталуын, тапсырылған жұмыстың сапалы орындауын, отанына оралу қажеттілігі туралы нақты түсініктің болғандығын» көрсетеді (Мизис, 2016: 58). Жапон тұтқындарының бойындағы осындай қасиеттер, олардың еңбек көрсеткіштеріне оң әсер бергенін айтады.

Ю.А. Мизистің осы пікіріне қарсы пікір білдірген С.Г. Сидоров, жапон тұтқындарының бұрынғы әскери құрылымының сақталуын «жапондардың тиімді жұмыс жасауына тежегіш» болды деп санап, «әр взводта әр түрлі мамандық иелері болды, олар көбінесе мақсатсыз пайдаланылды» деп есептейді (Сидоров, 2013: 173).

С.П. Ким «Кеңес Одағының экономикасындағы жапон әскери тұтқындары» атты еңбегінде Ресейдің орталық архивінде сақталған құжаттардың кең ауқымын пайдаланды. Тарихшы, жапон тұтқындарының өнеркәсіп салаларына бөлінуін, еңбек жағдайлары мен ұйымдастырылуын зерттеді. Тұтқындардың азық-түлікпен, арнайы киіммен қамтамасыз етілуіне, медициналық қызмет деңгейіне назар аударды. 1947 жылдан бастап, еңбекке жарамсыз жапондардың отанына оралуы, медициналық көмек пен тұрмыстық жағдайларының, азық-түлік пен заттай қамтамасыз етудің жақсаруы, еңбекті ұйымдастырудағы оң өзгерістер, өндіріс нормаларын орындаған және асыра орындаған тұтқындардың көбеюіне әкелді (Ким, 2016: 357).

Н.В. Суржикованың зерттеуі бойынша, «әскери тұтқындардың еңбегін пайдалану, төрт жылға созылған соғыс салдарынан туындаған жұмыс күші тапшылығын азайтуға мүмкіндік берді» (Суржикова, 2010: 255).

РҒА Этнология және Антропология институтының аға ғылыми қызметкері Ә.Б. Гучинова, 2016 жылы жарық көрген монографиясында, Сібір аймағына баса назар аудара отырып, КСРО аумағындағы жапон әскери тұтқындарын пайдаланудың бірқатар аспектілерін көрсетеді. Ресей тарихнамасында алғаш рет, бұрынғы жапон тұтқындарының естеліктері мен ауызша сұхбат материалдарын дерек ретінде келтіреді. Бұрынғы жапон тұтқындарының естеліктері мен сұхбаттары арқылы, автор, тұтқындардың еңбек нормалары, тұрмыс жағдайлары, социалистік жарыс идеясы сияқты мәселелерді жаңаша зерттеуге мүмкіндік алды (Гучинова 2016: 43). Автор жапон тұтқындарының еңбек этикасы туралы мәселеге ерекше назар аударды.

С.Г. Сидоров 1946-1947 жылдары әскери тұтқындардың, соның ішінде жапондардың еңбегін пайдаланудың тиімділігін арттыру мәселесін зерттеді, 1948-1949 жылдардағы жаппай репатриация жағдайындағы жапон әскери тұтқындарының еңбегін пайдаланудың ерекшеліктерін зерттеп, бұрын белгісіз болған фактілері алғаш рет жариялады. С.Г. Сидоров, Кеңес Одағы әскери тұтқындарды тыйым салынған жұмыстарда, әскери нысандарда, қару-жарақ өндірісінде, қауіпті «үшінші санаттағы» және «санаттан тыс» шахталарда жұмыс істеткенін, халықаралық құқық нормаларының орындалмағанын көрсетті (Сидоров, 2013: 249). КСРО аумағында әскери нысандарда жапон тұтқындарын еңбекке пайдаланудың ерекше секторы болды. 1946 жылғы 15 наурыздан бастап, Қарулы күштер министрлігіне 67 809 жапондық тұтқын еңбек етті. Әскери нысандарда еңбек ету мен тұрмыс жағдайы Ішкі Істер Министрлігіне қарайтын лагерьлерге қарағанда көп нашар және «өлім бес есе жоғары болды» (Кузьминых, 2013: 100).

Жапон әскери тұтқындарына қатысты Ресей тарихнамасын төмендегідей қорытындылауға болады: Ресей тарихшылары, Иркутск, Алтай және Красноярск өлкелері, Бурят-Моңғол АССР-і, Чита облысы, Қиыр Шығыстағы әскери тұтқындардың тағдырын аймақтық мұрағат материалдары негізінде зерттеді. Бұл – әскери тұтқындар тарихын зерттеудің «аймақтық тарихнамасын» қалыптастырды. Орталық архив құжаттары кең пайдаланылмады. ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында жарық көрген зерттеулерде, бұрын тұтқында болған жапондардың естеліктері дерек ретінде қолданыс тапты. Зерттеушілер, негізінен, тұтқындардың жұмыс істеген салаларына, саяси тәрбиесіне, еңбек өнімділігіне назар аударды. Көбіне, тұтқындардың күнделікті тұрмысы зерттеушілердің назарынан тыс қалды. Сонымен қатар, жапон әскери тұтқындарының бұрынғы КСРО республикаларында еңбекке пайдалану тарихы да Ресей зерттеушілерінің назарынан тыс қалды.

Жапон әскери тұтқындарының еңбегін кеңес экономикасының жекелеген салаларында пайдалану ауқымын, сипаты мен ерекшеліктерін көрсететін «салалық» бағыттар қалыптасты. Оның ішінде құрылыс саласы, ағаш кесу және ағаш өңдеу өнеркәсібі, машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындары, көмір өндіру, кен өндіру, алтын өндіру, мұнай өнеркәсібі, әскери

өнімдер шығаратын кәсіпорындар және тағы басқа.

Әскери тұтқындар тарихының статистикалық аспектілері – жапондардың саны, өлім-жітім көрсеткіштері, өндірістік жарақат алу көрсеткіші зерттелді. Медициналық қызмет көрсету, азық-түлік және затпен қамтамасыз ету деңгейі, тұрмыстың өндіріс көрсеткіштеріне әсері талданды.

«Ниппон Симбун» газетін, әрбір лагерьде шығарылатын қабырға газеттерін белсенді пайдалана отырып, үгіт және насихат арқылы идеологиялық тәрбие жұмысының деңгейі зерттелді.

Шетелдік тарихнама

Жапон әскери тұтқындарының тарихына шетелдік зерттеушілер тарапынан қызығушылықтың туындауына бірқатар себептер түрткі болды. Бұндай себептердің қатарына, жапон әскерлері қатысқан оқиғалар немесе жапон әскери тұтқындар лагерьінің болуы ықпал етті. Әсіресе, шетелдік зерттеушілерді жапондар қатысқан екінші дүниежүзілік соғыс оқиғалары қызықтырды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі жапон әскери тұтқындарына қатысты 1943 жылы 25 ақпанда Жаңа Зеландияда (Фезерстон) және 1944 жылы 5 тамызда Австралияда (Каура) болған оқиғаларды қарастырған – Карр-Грегг, Шарлоттаның «Japanese Prisoners of War in Australia and New Zealand: The Role of Japanese Officers in the Featherston and Cowra Incidents» атты зерттеуі ().

Автор тұтқындағы жапон офицерлерінің дағдарыстық жағдайдағы рөлі арқылы, адамдардың мінез-құлқының өзгеруін талдайды. Фезерстон және Каура лагерьлеріндегі жағдайды салыстыра отырып, жапон офицерлерінің стресс жағдайындағы әрекеттеріне баға береді. Бұл еңбек күнделікті тарих пен психология ғылымы үшін өзекті болып табылады.

Шетел тарихнамасының күнделікті тарихқа деген қызығушылығы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Сібірдегі жапон әскери тұтқындарының спортқа деген белсенділігін зерттеуінен көрінеді. Лагерьдегі қиын өмір, ауыр еңбек, қатты суық, аштық сияқты қолайсыз жағдайларға қарамастан, жапон тұтқындарының әртүрлі спорттық іс-шараларға қатысқаны танқалдырады. Зерттеулерде «бұндай іс-шаралар тұтқындардың рухын көтеру үшін қажет болған сияқты», – деген қорытынды жасалады (Ямада 2001: 537-552). Тұтқындардың спорттық шараларға қатысуы «Нихон Симбун»

(«Жапан таймс») газетіне жарияланып тұрды. «Нихон Симбун» газеті, кеңес армиясының саяси әкімшілігінің бақылауында болуына қарамастан, Сібірдегі шамамен 600 000 жапон әскери тұтқыны үшін жалғыз ақпарат көзі болды.

Жапон әскери тұтқындарының кеңес одағындағы лагерьде болған кезде жазған әндерін тарихи контексте талдаған Клара Гебер-Мерида (Geber-Mérida Clara, 2019).

Жапон әскери тұтқындары арасында спорт және мәдени іс-шараларды насихаттаудың мақсаты – тұтқындарға саяси ықпал ету болды. Бұл – бір жағынан, кеңес үкіметінің Жапонияның империалистік идеологиясына күмән келтіруге итермелеу әрекеті еді. Тұтқындардың естеліктерін қарасақ, мәдени және спорттық іс-шаралар тұтқындарға рухани азық ретінде қажет болғанын байқаймыз (Киучи 1996; Ямашита 2007: 430). Бұндай шаралар, басқа лагерьдегі тұтқындармен әлеуметтік қарым-қатынастың қарапайым тәсілі болды. Ән мәтіндері арқылы, тұтқындар басқаша білдіруге болмайтын эмоцияларын шығарды. Бұл кеңес үкіметіне де тиімді болды, себебі, осындай іс-шаралар арқылы идеологиялық тәрбиелеу өтімді еді (Вакацуки 1979: 225).

Австралиядағы жапон әскери тұтқындарының екінші дүниежүзілік соғыс туралы естеліктері Кристина Туми мақаласында зерттеледі. Австралиядағы соғыс туралы естеліктер мен тұтқындардың көрген азаптары туралы пікірлеріне талдау жасады (Twomey Christina 2013: 321-330).

